

**Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл аясында өткізілетін
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске
алу күніне арналған «Зұлмат жылдардан сыр шерткен көрме» атты
тарихи-құжаттық ақпараттар көрмесінің
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Өлі риза болмай, тірі байымайды.
(Қазақ мақалы)

*Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек,
Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек.
Сұлтанмахмұт Торайғыров*

*История – это наука о том, чего уже нет и не будет.
Поль Валери (Из книги Б.
Рамазанова «Исторические встречи»*

*Прошлое всегда с нами, и все, что мы собой представляем, все что имеем,
исходит из прошлого. Мы – его творение, и мы живем, погруженные в него.
Не понимать этого и не ощущать прошлое, - значит не понимать
настоящего
Джавахарлал Неру*

Көрменің мақсаты: Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу. Зиялы ұлт азаматтарының өмір жолдары, еңбектері жайлы ақпараттарды ұсыну арқылы 1927-1953 жж. ақтаңдақтар ақиқатын, тарихи шындықты оқырман қауымға, жас ұрпаққа жеткізу, тереңірек таныстыру. Өткен тарихымыздан тағылым ала отырып, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағзым ету.

XX ғасырдың 1937-1938 жылдардағы сталиндік жүйенің «Үлкен террор» атты саяси қуғын-сүргіні қазақ даласын қанға бөктіріп, қаншама жазықсыз халықты атты, темір торға тоғытты, итжеккенге айдады және басқа да зорлық-зомбылықтардың небір түрін жасады. 2 миллионға жуық адам қаза болып, тағы миллиондай адам жан сауғалап, елден босып кетті. Одан кейінгі саяси репрессия қазақ қоғамының элитасын жаппай қырғынға ұшыратты. Саяси себеппен 103 мың адам сотталып, оның 25 мыңы ату жазасына кесілді. Қазақстан аумағында 11 жазалау лагері құрылып, онда сотталғандар мен олардың отбасылары адам төзгісіз қиын жағдайда күн кешті.

Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес, Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді.

Қазақ халқының жанашырлығы мен көмегінің арқасында олар жан сақтап, аман қалды.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, осы қуғын-сүргіннің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын өтеуді қамтамасыз ету мақсатында 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылдады.

Тарихтан тағылым – өткенге тағзым. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады. Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек» деп атап өтті. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте сақтау мақсатында, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 5 сәуірдегі Жарлығымен 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Осы күнге орай әл-Фараби атындағы кітапхана **Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында** Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арнаған **«Зұлмат жылдардан сыр шерткен көрме»** атты **тарихи-құжаттық ақпараттар көрмесін** ұсынды.

Көрменің оқырмандық бағыты: Кітапхана пайдаланушылары – ЖОО-ның студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар, магистранттар, кітапхана қызметкерлері, колледж және мектеп оқушылары, көпшілік қауым.

Өтетін орны: Әл-Фараби кітапханасының ғимараты, фойе, 2-қабат, 31.05.-11.06.2021 ж.

Көрме бөлімдері:

- 1. Зұлмат жылдардан сыр шерткен көрме;**
- 2. Аштық жайлаған дала;**
- 3. Зұлмат жылдар қасіреті;**
- 4. Алашордашылар және саяси қуғын-сүргін;**
- 5. Алаш туы астында;**
- 6. Алаш айтқан асыл сөз.**

Көрме құжаттары: Дәстүрлі кітаптар, мерзімді басылымдар, электронды презентациялар, фотоматериалдар, деректі фильмдер мультимедиялық флипчарт арқылы ұсынылды.

Көрменің мультимедиялық флипчарт арқылы ұсынылған бөлімінде 1920-1930 жылдардағы қуғын-сүргін құрбандары мен ашаршылық нәубетіне арналған Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының әлеуметтік тапсырысы

аясындағы тікелей қолдауымен «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі қоғамдық қоры шығарған жинақ ұсынылып отыр. Жинақтың *бірінші дискісінде* видео және фото материалдар топтастырылған. Онда деректі фильмдер орын алған. Ал *екінші дискіде* қуғын-сүргін құрбандарының әндері мен күйлері топтастырылған. *Үшінші дискіде* «1920-1930-шы жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және алаш азаматтары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақталған. Дискі жинағында Алматы қаласы тарихы музейінің, Қазақ радиосы «Алтын қорының», «Жерұйық» қоғамдық бірлестігінің, режиссер Еркін Рақышевтың материалдары пайдаланылды.

Ашаршылық туралы және Алаш арыстары туралы деректі фильмдер:

- «Ашаршылық» деректі фильмі. Режиссері Еркін Рақышев
- «Ұлы дала зары» көркем фильмі. Режиссері Марина Кунарова, продюсері Ернар Маликов.
- Зұлмат. Зулмат. Геноцид в Казахстане. Ашаршылық туралы деректі фильм
- Зауал. Ашаршылық туралы деректі фильм. Режиссері Ернат Бапанов, сценариін жазған Нұрлан Қабдайұлы
- «Алаш орда» деректі фильмі. Режиссері Қалила Омаров
- «Тұрар Рысқұлов» деректі фильмі. Режиссері Еркін Рақышев
- «Нығмет Нұрмақов» деректі фильмі
- Алаш туы астында. Деректі фильм. 2-бөлім.
- «Беймәлім Алаш». Тұрағұл Абайұлы. Деректі фильм. «Қанмен жазылған хат» арнайы тележобасы. Фильмнің авторы – Жұрағат Баман, режиссері – Бақыт Найзабеков.

Мемлекеттігі жоқ ел – жетім ел.

Ә. Бөкейхан.

*«Алаш» туы астында
Куә болсын арымыз!
Көркейтуге Алашты
Құрбандық біздің жанымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!!!*

С.Торайғыров.

Көрмеге қысқаша шолу

Көрменің **бірінші бөлімі** Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістер тарихына арналды.

Көрменің **екінші бөлімі** XX ғасырдың 1921-1933 жылдардағы нәубет – ашаршылық тақырыбына арналды. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, қазақ

халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкенін байқаймыз. Оларды 1919-1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адамды алып кеткен), 1931-1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам) және 1946 жылдары болған аштық деп қарастыруға болады. Осы тақырыпқа байланысты көптеген тарихитанымдық зерттеу кітаптары, пьесалар жазылды, деректі фильмдер жарық көрді. Атап айтсақ, белгілі америкалық тарихшы Сара Камеронның ағылшын тілінен аударылған, саясаткер Досым Сәтбаевтың жеке қорының қолдауымен жарық көрген **«Аштық жайлаған дала: Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату»** атты еңбегі, Майлиннің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазылған «Берен», «Қырманда» атты повестері, «Күлпәш», «Ашаршылық құрбаны», «Айт күндері» деген әңгімелері, Нұрхан Ахметбеков пен Нұрлыбек Баймұратовтың поэмалары, Жүсіпбек Аймауытовтың «Елес» деп аталатын әңгімесі болды. Ал Жақан Сыздықовтың 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімелері» дейтін поэмасы 1940 жылы кітап болып шыққан бойында өртелді.

Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» атты романы, Адам Мекебаевтың «Құпия қойма», Валерий Михайлов сол тұста «Хроника великого джута» деген деректі романын баспаға ұсынса, 2017 жылы мамырда мұның «Великий джут» «Ғаламат жұт шежіресі» деген атпен аударылып, бірнеше рет кітап болып шықты. Бұлардан басқа, Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» («Тамұқ», «Қыл көпір» бөлімдері), С.Елубайдың «Ақ боз үй», З.Жәкеновтің «Зұлмат» романдары, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай», М.Мағауиннің «Сары қазақ», Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем», Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні» кітаптары қойылды.

Үшінші бөлім «Зұлмат жылдар қасіреті» деп аталып, бұл бөлімге саяси қуғын-сүргін тақырыбындағы кітаптар қойылды. Қазақстанда 1928 жылы орын алған қазақ байларын кәмпескелеу саясаты шын мәнінде кеңестік құрылысқа қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды еріксіз жер аударуға ұласты. 1930 жылы басталған байларды тап ретінде жою науқаны саяси қуғын-сүргінге жаңа қарқын берді. Жаппай жазалау үзіліссіз жүргізіліп, 1937 жылдың 30 шілдесінде КСРО ішкі істер халық комиссариатының бұйрығымен қырып-жою операциясы бұрын-соңды болып көрмеген қарқынымен күшейтілді. Осы уақыттан 1938 жыл аралығында Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-і «Халық жаулары» не олардың «сыбайластары», «әлеуметтік жат элементтер» ретінде айыпталды. Белгілі қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық жазаланды. Қуғын-сүргін басталған жылдан Сталин дүниеден өткенге (1953 жылға) дейін Қазақстанда 103 мың адамға саяси айып тағылып, оның 25 мыңы ОГПУ-НКВД үштіктері үкімімен, сот үкімімен атылды. Олар негізінен халықтың қадірлі азаматтары, ұлттың қаймақтары еді. 1937 жылдан бастап «Отанын сатқандар» қатарына жатқызылған халықтарды депортациялау басталды.

1943-1944 жылдары Қазақстанға 507 мың адам жер аударылды, олардың ішінде поляктар, карашайлар, шешендер, ингуштар, тағы басқалары болды. Сталиндік зұлмат тұтас ұлттарды сойқан саясаттың құрбаны етті. Қазақстанға осы кезеңде 1 миллион 210 мың адам жер аударылған екен. Кешегі қуғын-сүргіннің зардабын тартқан ұлттар бүгінгі күні қазақ халқымен бірге өмір сүріп, біте қайнасты. Қазіргі кезеңде олар тәуелсіз Қазақстанды гүлдендіру, көркейту мақсатында берекелі бірлікте, тату тірлікте тізе қосып, еңбек етуде.

Көрменің 4, 5, 6 бөлімдері «Алашордашылар және саяси қуғын-сүргін», «Алаш туы астында», «Алаш айтқан асыл сөз» деп аталып, аталған бөлімдерге «Алашорда» үкіметінің мүшелері, зиялы қауым өкілдерінің еңбектері және олар туралы жазылған тарихи құжаттық кітаптар қойылды.

1917 жылы 5-13 желтоқсан Орынборда II-Жалпықазақ съезі өткізілді. Съезде Б. Құлманов және орынбасарлары Ә. Бөкейханов, А. Кенесарин, Х. Досмұхамедов, О. Қарашевтың төрағалық етуімен «Алашорда» үкіметі құрылды. Алашорданың орталығы – Семей қаласы, халық Кеңесін (үкіметін) – Ә. Бөкейханов басқарды. Съезден кейін «Алашорда» автономиясының Батыс бөлімі – Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар басқарған «Ойыл уалаяты» құрылды.

«Алаштың» басты мақсаты – қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты бізді ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады. «Біз бай, білімді, әрі күшті болуымыз керек. Бай болу үшін – кәсіп, білімді болу үшін – оқу керек. Ал күшті болу үшін – бірлік керек.» (Ә. Бөкейхан).

Көрменің нәтижелігі: Өткен тарихымызды санамызға сіңіріп, болашақ ұрпаққа Алаштың асыл аманаты тарихи-мәдени бірегейлігімізді, тілімізді, қазақы қасиетімізді сақтауға, тәуелсіздігімізді дәріптеуге үлес қосу.

Көрмеге қойылған құжаттардың библиографиялық тізімі:

Мерзімді басылымдардағы мақалалар:

1.	Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған үндеуі // Egemen Qazaqstan. – 2018. – 31 мамыр.
2.	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 1 маусым.
3.	Түймебаев, Ж. Восстановление исторической справедливости – основа национального самосознания / Ж. Түймебаев // Казахстанская

	правда. – 2020. – 2 июня.
4.	Шыныбеков, Ж. Бір ауылды аштықтан алып қалған академик / Ж. Шыныбеков // Ана тілі. – 2021. – 29 сәуір – 5 мамыр (№17).
5.	Әбдібеков, Н. "Алаш Алаш болғанда..." / Н. Әбдібеков // Ақиқат арнасы. – 2021. – 28 сәуір.

Әл-Фараби атындағы кітапхана қорындағы ашаршылық тақырыбына арналған әдебиеттер тізімі

1.	Алаш арыстары және ашаршылық : респ. ғыл.-тәж. конф. материалдар жинағы / [құраст. А. Әубәкір]. - Алматы : Орхон, 2018. - 139, [3] б.
2.	Бахаттачария, Бхабани. Ашаршылық : роман / Ауд. С. Хайдаров. - Алматы : Қазмемкөркемәдеббас., 1964.
3.	Бәкірұлы, Омар. Нәубет жылдарында : очерктер ж/е әңгімелер / О. Бәкірұлы. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1997. - 87 б.
4.	"Ғасырлар тоғысындағы алаш идеялары", ғыл.-тео. конф. (2017 ; Алматы). "Ғасырлар тоғысындағы алаш идеялары" : халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары, 30-31 қазан 2017 ж. / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [жалпы ред. басқ. Ғ. М. Мұтанов ; жауапты ред. Т. С. Рамазанов ; құраст. М. Д. Байдаулетова]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 205 б. - Қаз., түрік және орыс тілдерінде.
5.	Елубай, Смағұл. Ақ боз үй : роман-трилогия / С. Елубай ; сый "Атамұра" баспасынан. - Алматы : Атамұра, 2008. - 517, [3] б.
6.	Камерон, Сара. Аштық жайлаған дала : Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату / С. Камерон ; ағыл. тіл. ауд.: С. Батаева, З. Батаева. - Итака ; Нью-Йорк : Cornell University Press, 2018. - 304 б. - (Сөз әдеби жобасы литературный проект literature project). - Библиогр.: 287-304 б. Басылым Досым Сәтбаевтың жеке қорының қолдауымен әзірленді.
7.	Қазақ қалай аштыққа ұшырады : = Голод в казахской степи : қасіретті жылдар хаттары / құраст. С. Әбдірайымов [және т.б.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1991. - 206, [2] б. - Қазақ және орыс тілдерінде.
8.	Қазақ халқының қасіреті : = Трагедия Казахского народа : құжаттар мен материалдар жинағы: XX ғасырдың 20-шы, 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық / Алматы обл. мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Алматы обл. мем. мұрағаты ; [жауапты ред.: С. И. Боранбаева, М. К. Тахаева]. - Алматы : "Тіл" оқу-әдістемелік орталығы, 2010. - 371, [2] б. - (Туған өлке). Қазақ және орыс тілдерінде.
9.	"Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы" : = "Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории" = "Great famine in Kazakhstan: tragedy of the nation and the lessons of history" : халықаралық ғылыми конф. материалдарының жинағы, 31 мамыр - 1 маусым 2012 ж. / [жалпы ред. Б. Ғ. Аяған]. - Астана : Мемлекет тарихы ин-ты, 2012. - 394, [6] б. - (80 жыл. 1932-2012). - Қаз., орыс және ағыл. тілдерінде.

10.	Қапалбекұлы, Н. Жерошақтың түтіні : повестер / Н. Қапалбекұлы. - Алматы : Мерей, 2002. - 334, [2] б.
11.	Қозыбаев, М. Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты : оқулық / М. Қ. Қозыбаев. - Алматы : ҚазМУ, 1992. - 272 б.
12.	Қойгелдиев, Мәмбет. Тарих тағлымы не дейді? : монография / М. Қойгелдиев. - Алматы : Ана тілі, 1993. - 205, [3] б.
13.	Қыдырбекұлы, Балғабек. Алатау : роман / Б. Қыдырбекұлы. - Алматы : Ел-шежіре, 2010. 1-2 кітап. - 926, [2] б.
14.	Қызылдар қырғыны : монография / [құраст.: З. Қыстаубаев, Б. Хабдина]. - Алматы : Өнер, 1993. - 251, [3] б.
15.	Маданов, Хамит. Ұлы дала тарихы : [қаз. тарихы бойынша жоғары оқу орынд. студенттеріне тех. уч., гимназия, колледж, лицей, орта мектеп оқушыларына арн. оқу құрал.] / Х. Маданов. - Алматы : Санат, 1994. - 271, [1] б.
16.	Михайлов, В. Ф. Ғаламат жұт шежіресі : деректі хикаят / В. Ф. Михайлов. - Алматы : Мектеп, 2013. - 295, [1] б.
17.	Михайлов, В. Ф. "Ұлы" жұттың жазбалары : монография / В. Ф. Михайлов. - Алматы : Дәуір, 1992. - 240 б.
18.	"1920-30 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және алаш азаматтары", республикалық ғыл.-практ. конф. (2015 ; Алматы). "1920-30 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық ..." атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, 27 мамыр 2015 ж. : жинақ / Алматы қаласы әкімдігінің Ішкі саясат басқ., "Адырна" ұлттық-этнографиялық бірлестігі қоғамдық қоры ; [құраст. А. Әубәкір]. - Алматы : Орхон, 2015. - 122, [2] б.
19.	Нәубет : публицистикалық ой-толғаулар / [құраст. З. Қыстаубаев]. - Алматы : Жалын, 1990. - 444, [2] б.
20.	Омарбеков, Талас. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті : көмекші оқу құралы / Т. Омарбеков ; ҚР Баспасөз және БАІ жөніндегі ұлттық агентігі, ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Санат, 1997. - 318, [2] б. - (Татулық пен еске алу жылы 97).
21.	Омарбеков, Талас. Зобалаң : күштеп ұжымдастыруға қарсылық : 1929-31 жылдары болған халық наразылығы / Т. Омарбеков ; Т. О. Омарбеков. - Алматы : Санат, 1994. - 272 б.
22.	Сәрсекеев, Қоғабай. Отыз жетінші жыл : = Тридцать седьмой год = The year of thirty-seven : әңгіме / Қ. Сәрсекеев. - Алматы : GAUHAR, 1998. - 175 б. - Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.
23.	Смағұлова, Светлана. Ашаршылық қасіреті : монография / С. Смағұлова ; Қ. Жұбанов атын. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік ун-ті. - Алматы : Елтаным баспасы, 2019. - 1-кітап. - 271, [1] б.

24.	Шойбеков, Үсен. Жұт : роман / Ү. Шойбеков. - Алматы : Жалын, 1990. - 446, [2] б.
25.	Аблажей, Наталья Николаевна. Казахский миграционный маятник "Казахстан – Синьцзян". Эмиграция. Репатриация. Интеграция = "Қазақстан – Шыңжаң" қазақтың көші-қон шамшырағы. Эмиграция. Репатриация. Интеграция = The Kazakhs Migration Pendulum "Kazakhstan – Xinjiang". Emigration. Repatriation. Integration : монография / [ред. О. А. Орлова] ; РАН, Ин-т истории, Всемир. ассоц. казахов, Караганд. ун-т "Болашак". - Науч. изд. - Караганды : Болашак-Баспа, 2014. - 275, [1] с. : табл.
26.	Бедность в Казахстане: причины и пути преодоления : публикация в поддержку Целей развития тысячелетия / дар. ПРООН в Казахстане. - Алматы : Таймас Принтхаус, 2004. Цель №1 : Ликвидация крайней нищеты и голода.
27.	Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 гг. : сборник / Ассамблея народов Казахстана, Архив Президента РК ; [редкол. В. Н. Шепель]. - Алматы : ЛЕМ, 2012. - 769 с.
28.	Откочевники. Летопись казахского колхоза имени Дальневосточной Красной Армии в Нижнетавдинском районе Тюменской области : 1938-1945 гг. / К. Кабдулвахитов. - Тюмень : Тюмен. дом печати, 2010. - 119, [1] с.
29.	Киндлер, Роберт. Сталинские кочевники = Stalins Nomaden : Власть и голод в Казахстане / Р. Киндлер ; [пер. с нем. Л. Ю. Пантиной] ; [Еврейский музей и центр толерантности]. - М. : РОССПЭН, 2017. - 381, [1] с. - (История сталинизма). - Библиогр.: с. 345-375. - Указ.: с. 377-380. Сокр.: с. 343-344. Прил.: с. 376.
30.	Левшин, А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей : учебное пособие / Под общ. ред. М.К.Козыбаева. - Алматы : Санат, 1996. - 655, [1] с.
31.	Марочко, Василий. Голодомор: 1932-1933 гг. : монография / В. Марочко. - Науч.-попул. изд. - Киев : [Б. и.], 2007. - 61,[3] с.: ил. На укр. яз.
32.	Михайлов, В. Ф. Великий джут : документ. повесть / В. Ф. Михайлов ; Modern Kazakh Culture in Global World, Zhahandug Alemdegi Zamanayi Qazaqstandug Madeniet. - Караганда : ASAP EDC, 2019. - 430 с. - Книга на китайском языке.
33.	Михайлов, В. Ф. Хроника великого джута : докум. повествование / В. Ф. Михайлов. - Алма-Ата : СП "Интербук", 1990. - 204, [1] с.
34.	Михайлов, В. Ф. Хроника великого джута : документ. повесть / В. Ф. Михайлов. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - Алматы : Жалын, 1996. - 397, [3] с.
35.	Омарбеков, Талас. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933) : хрестоматия / КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. - 202, [2] с.
36.	Трагедия казахского аула 1928-1934 : сб. док. / М-во культуры и

	информ. РК, Ком. информ. и архивов; [сост.: А. С. Зулкашева, Г. Т. Исахан, Г. М. Каратаева]. - Алматы : Раритет, 2013. Т. 1 : 1928 - апрель 1929. - 743, [1] с.
37.	Устинов, В. М. Турар Рыскулов : очерки политической биографии / В. М. Устинов. - Алматы : Казахстан, 1996. - 460, [4] с.

Әл-Фараби атындағы кітапхана қорындағы саяси қуғын-сүргін және алашорда тақырыбына арналған құжаттардың библиографиялық тізімі

1.	Азаттық аңсағандар : деректі шығармалар жыйнағы / [құраст. А. Оразақын]. - Алматы : Жалын, 2006. - 254, [2] б.
2.	Адырбекұлы, Көлбай. Алты алаштың ардақтылары : тарихи-танымдық кітап / К. Адырбекұлы. - Алматы : Толғанай Т, 2018. - 238 б.
3.	Айтбайұлы, Талғат. "Қазағым!" деген біз бармыз : роман-эссе / Т. Айтбайұлы. - Алматы : Толғанай-Т, 2012. - 334, [2] б.
4.	Абдрахман Айтиев : сборник / КазНУ им. аль-Фараби ; [гл. ред. Г. М. Мутанов; раб. группа ред.: Т. Кульбаев и др.; ред. А. Суталиева и др.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 375, [1] с. : ил. - (Өнегелі өмір ; вып. 134). - Библиогр: с. 366-370.
5.	Ақкөз батыр : [1916 жылғы көтеріліс / құраст. К. Н. Нұрпейіс, Т. Мырзабаев, С. О. Смағұлова]. - Алматы : ҚАЗАқпарат, 2001. - 279, [1] б.
6.	Аққұлы, Сұлтан Хан. Алихан Букейхан = Әлихан Бөкейхан = Alikhan Bukeikhan : исслед., ст., интервью / [ред. Ғ. Раушанова] ; ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, НИИ "Алаш". - Алматы : Междунар. фонд Ер-Жанибек, 2016. - 522, [6] с. : ил.
7.	Аққұлы, Сұлтан Хан. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы : өмірбаян / С. Аққұлы. - Шымкент : Азиат, 2016. 1-т. - 651 б. : сур.
8.	Аққұлы, Сұлтан Хан. Әлихан Бөкейхан. Аманат : өмірбаян / С. Аққұлы. - Шымкент : Азиат, 2016. 2-т. - 639 б. : сур.
9.	Аққұлы, Сұлтан Хан. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы : өмірбаян / С. Х. Аққұлы, Ә. Аққұлы; [жауапты ред.: Д. Қамзабекұлы]. - Алматы : Алаш Орда, 2017. - ISBN 978-601-06-4307-9. 1-т. : The Unifier of Kazakh Lands / Ә. Аққұлы. - 798 б. : сур. - қазақ, ағылшын тілінде.
10.	Аққұлы, Сұлтан Хан. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы : өмірбаян / С. Х. Аққұлы, Ә. Аққұлы; [жауапты ред.: Д. Қамзабекұлы]. - Алматы : Алаш Орда, 2017. - ISBN 978-601-06-4307-9. 2-т. : The Unifier of Kazakh Lands / ред. Д. Қамзабекұлы. - 902 б. : сур. - қазақ, ағылшын тілдерінде.
11.	Ақыш, Нұрдәулет Бабиханұлы. Рақымсыз көктем : [Мәтін] : хикая, әңгімелер / Н. Ақыш. - Алматы : Қазақ

	ун-гі, 2016. - 156 б.
12.	Алаш. Алашорда : энцикл. / репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "Арыс" қоры. - Алматы : Арыс, 2009. - 536, [4] б. - (Алаш мұрасы).
13.	Алаш айтқан асыл сөз : жинақ / жоба авт. Б. Уәли ; [құраст.: С. Жолдасбай, Е. Ерланұлы]. - 1-бас. - Алматы : Ел-шежіре, 2016. - 292, [4] б. - Библиогр.: 188-293 б.
14.	Алаш арысы : монография / [құраст. З. С. Қожанова, М. Жармұхамедұлы]. - Алматы : ҚАЗАқпарат, 2011. - 315, [4] б.
15.	"Алаш идеясы – ұлттық идея", республикалық ғыл.-практ. конф. (2014 ; Орал). "Алаш идеясы – ұлттық идея ..." атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 26-27 қыркүйек 2014 ж. : жинақ / Батыс Қазақстан обл. Ішкі саясат басқ., Ж. Досмұхамедов атын. "Қайраткер" қоғамдық қоры, БҚИГУ ; [жауапты ред. Д. Д. Сүлейменова]. - Алматы : Арыс, 2014. - 319, [1] б.
16.	Алаш қозғалысы : құжаттар мен материалдар жинағы : сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. / құраст. Қ. С. Алдажұманов. - Алматы : Алаш, 2004. Т. 1 = Движение Алаш. - 549, [3] б. - (Алаш мұрасы). Қазақ және орыс тілдерінде.
17.	Алаш қозғалысы : Құжаттар мен материалдар жинағы / ҚР Мәдениет және спорт м-гі, Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты, ҚР Президентінің мұрағаты; жауапты құраст.: Е. М. Грибанова, Р. Қ. Смағұлова. - Алматы : Алаш, 2005. - (Алаш мұрасы). 2-том = Движение Алаш : Сборник документов и материалов. - 492, [4] б.
18.	Алаш мирас : құжаттар жинағы / бас ред. С. Байжанов. - Алматы : ҚР мем. орталық архивтерінің ақпарат-баспа орталығы, 1993. - 156, [3] б.
19.	Алаш мирас : құжаттар жинағы / [құраст. Н. Шакеев]. - Алматы : Қазақстан, 1995. 2-кітап. - 205, [3] б. - Қазақ және орыс тілдерінде.
20.	"Алаш-Орда": ұлттық идея және дін мәселелері", республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. (2017 ; Алматы). "Алаш-Орда": ұлттық ...": Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция / "Алаш-Орда": ұлттық идея және дін мәселелері", республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. (2017 ; Алматы) ; ред. алқа: Х. Әбжанов, Д. Қамзабекұлы, С. Аққұлы. - Алматы : Орхон, 2017. - 122, [1] б. : сур.
21.	Аллаберген, Қырықбай. Алты алаштың ардақтылары : монография / Қ. Аллаберген. - Алматы : Рауан, 1994. - 111, [1] б.
22.	Аманкелді Иманов : мақалалар, документтер, материалдар / Ред. басқ. С. А. Бейсембаев; [құраст. : М. Қ. Қозыбаев, П. М. Пахмурный]. - Алматы : Қазақстан, 1975. - 279 б.
23.	Асқаров, Асанбай. Ұлы Тұранның ұлдары : монография / А. Асқаров. - Алматы : Нұрлы әлем, 1998. - 406, [2] б. Қаз. және орыс тілінде.
24.	Санжар Асфендиаров : жинақ / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [бас ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. жұмыс тобы, құраст.: Х. М. Әбжанов, А. Ә. Жүнісбаев]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 399, [1] б. : сур. - (Өнегелі өмір ; шығ. 154).
25.	Ахмедов, Ғалым. Алаш "Алаш" болғанда : естеліктер мен тарихи деректер / Ғ. Ахмедов. -

	Алматы : Жалын, 1996. - 222, [2] б.
26.	Ахмедов, Ғалым. Таңдамалы : жинақ / Ғ. Ахмедов. - Алматы : Жібек жолы, 2005. - ("Жібек жолы" кітапханасы). 2-т. : Естеліктер мен тарихи деректер / ҚР мәдениет және ақпарат м-гі. - 278 б.
27.	Ахметов, Өкітай. Мұқаметжан Тынышбаев : монография / Ө. Ахметов. - Алматы : Самара-Принт, 2009. - 263, [1] б.
28.	Әбжанов, Ханкелді. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология : монография / Х. Әбжанов ; ҚР Білім және ғылым м-гі, Ғыл. ком., Ш. Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты. - Алматы : Елтаным баспасы, 2014. - 324, [1] б.
29.	Әнесұлы, Ж. Шыңғыс ханның тегі. Алаш туын көтергендер : монография / Ж. Әнесұлы; [ред. Ж. Сарманов]. - [Б. м.] : Үш Қиян, 2017. - 139, [1] б.
30.	Ахмет Байтұрсынұлы : фотожинақ / [құраст.: Р. Сахыбекқызы, Қ. Байдебекұлы]. - Алматы : Орхон, 2017. - 235 с. : сур. - Библиогр.: 233-235 б.
31.	Байғалиев, Бейсенбай. Абай өмірбаяны архив деректерінде : монография / Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "Арыс" қоры. - Алматы : Арыс, 2001. - 134 б.
32.	Бакторазов, С. У. Оңтүстік Қазақстанда 1920-30-шы жылдары жүргізілген саяси қуғын-сүргін : оқу құралы / ҚР білім және ғылым м-гі, М. Х. Дулати атын. ТарМУ. - Тараз : Тараз ун-ті, 2012. - 203, [1] б.
33.	Бакторазов, Сейдахан Уәлиұлы. Оңтүстік Қазақстандағы қуғын-сүргін саясаты (1920-1930-жылдар) : монография / С. У. Бакторазов ; ҚР Білім және ғылым м-гі, М. Х. Дулати атын. ТарМУ. - Алматы : Тарих тағылымы, 2015. - 295, [1] б. : сур. - Библиогр.: 277-293 б. Қосымшалар: 294-295 б.
34.	Бегманов, Қасымхан. Мұстафа Шоқай жолымен : тарихи-деректі, танымдық сапарнама: кітап-альбом / Қ. Бегманов. - Алматы : Сораба, 2013. - 495, [1] б.
35.	Бейсенова, Алия Сарсеновна. Қазақ елі – Мәңгілік ел : монография / А. С. Бейсенова ; Мин-во образования и науки РК; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 369, [2] с. - Библиогр.: с. 364-369. Прил.: 348-363 с.
36.	Бөкейханов, Сырым. Өткен күнде белгі бар : монография / С. Бөкейханов. - Алматы : Жібек жолы, 2008. - 157, [3] б.
37.	Бір бәйтерек, бір шынар : жинақ / Алаштану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Қ. Шаңбай]. - Семей : Алаштану ғылыми-зерттеу орталығы, 2012. - 344 б.
38.	Халел Досмұхамедұлы : жинақ / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [бас ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. жұмыс тобы: Ғ. Қ. Кенжебаев, Ғ. Әнес, Ғ. Б. Базарғалиев]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 374, [1] б. : сур. - (Өнегелі өмір ; шығ. 155).
39.	Досмұхамедұлы, Х. Халел. Таңдамалы = Избранное : қаз. тарихы, әдеб. мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салалар. қатысты зерттеу мақалаларынан ж/е оқулықтан

	үзінділер / ҚР ғылым м-гі-ҒА, Халел Досмұхаметұлы қоры, Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "Арыс" қоры. - Алматы : Ана тілі, 1998. - 383, [1] б.
40.	Досмұхамедұлы, Х. Халел. Таңдамалы еңбектері = Избранные труды : қаз. тарихы, әдебиеті мен тілі, сондай-ақ медицина, биол. табиғаттану салаларына қатысты ғылыми мақалалары және оқулықтарынан үзінділер / репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "Арыс" қоры. - Астана : Астана полиграфия, 2008. - 395, [4] б.
41.	Дулатбеков, Н. О. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері : монография / Н. О. Дулатбеков. - Алматы : Таймас, 2013. - 237, [3] б.
42.	Ораз Жандосов : жинақ / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [бас ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. жұмыс тобы, құраст.: Ә. О. Жандосов, Г. Р. Нұрымбетова]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 406, [1] б. : сур. - (Өнегелі өмір ; шығ. 152).
43.	Жәкула болыс : азаттық ашқан ақиқат / [құраст.: А. Сағындықұлы]. - Алматы : [б. ж.], 2013. - 222 б.
44.	XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы : монография / "Ақ жол" ҚДП; [жобаның авт. С. Байдалы]. - Алматы : Экономика, 2013. - 247, [1] б.
45.	XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы : жинақ / Қазақстанның "Ақ жол" демократиялық партиясы ; [құраст.: С. Байдалы, А. Ырысбекұлы]. - Алматы : Экономика, 2015. - 767 б. : сур.
46.	XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы : жинақ / Қазақстанның "Ақ жол" Демократиялық партиясы ; құраст.: С. Байдалы, Е. Тоқтарбай. - 4-шығ. - Алматы : Баянжүрек, 2016. - 288 б.
47.	Жұмабаев, Мағжан. Педагогика : монография / М. Жұмабаев. - 3-ші бас. - Алматы : Ана тілі, 1992. - 154, [2] б.
48.	Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер : монография / [ред. алқа С. Тәшенов және т. б.]. - Алматы : Білім, 2005. - 196, [4] б.
49.	Жұмабердіқызы, Гүлжаһан. Алаштың бір ардағы : (Деректі-ғылыми хикая) / Г. Жұмабердіқызы. - Алматы : Рауан, 1998. - 86, [2] б.
50.	Жұртбай, Тұрсын. "Ұраным - Алаш!." : түрме әфсанасы: зерттеулер / Т. Жұртбай. - Алматы : Ел-шежіре, 2008. Т. 1. - 468, [3] б.
51.	Жұртбай, Тұрсын. "Ұраным - Алаш!." : түрме әфсанасы / Т. Жұртбай. - Алматы : Ел-шежіре, 2011. Т. 2 : Тез. - 464 б.
52.	Жұртбай, Тұрсын. "Ұраным - Алаш!." : түрме әфсанасы / Т. Жұртбай. - Алматы : Ел-шежіре, 2012. Т. 3 : Талқы. - 647, [1] б.
53.	Жүгенбаева, Г. С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938) : монография / ҚР ғылым ж/е жоғары білім м-гі, Қазақ көлік коммуникациялар акад.; Жалпы ред. басқ. А. Ж. Омаров. - Алматы : ҚазККА, 2000. - 226, [2] б.
54.	Иманбаева, С. С. Міржақып Дулатов - алаштың жарық жұлдызы : монография / [жалпы ред.

	басқ. К. Ә. Сағадиев] ; ҚР Білім және ғылым м-гі, Қаз. мем. аграр. ун-ті. - Алма-Ата : Қазмемагру, 2001. - 233, [1] б.
55.	Иманғазин, Мұратбек. Илияс Жансүгіров : монография / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2004. - 218, [1] б.
56.	Имаханбет, Райхан Сахыбекқызы. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі : ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы : құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі / Р. С. Имаханбет. - Алматы : Өнер, 2017. - 286 б.
57.	Имаханбет, Райхан. Бес арыс : анықтамалық көрсеткіш / Р. Имаханбет, Г. Орда ; [жауапты ред. Қ. Каримов]. - Алматы : Орхон, 2017. - 98 б.
58.	Имаханбетова, Р. С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны : (мұрағат деректері негізінде: моногр.) / Р. С. Имаханбетова. - Астана : Педагогика-Пресс, 2010. - 301, [3] б.
59.	Кәкішев, Тұрсынбек. Сәкен Сейфуллин : (ғұмырнаамалық хикая) / Т. Кәкішев. - Алматы : Жалын, 1976. - 315 б.
60.	Кәкішұлы, Тұрсынбек. Мағжан мен Сәкен : ғылыми эссе / Т. Кәкішұлы. - Алматы : [б. и.], 1999. - 447, [2] б.
61.	Кәкішұлы, Тұрсынбек. "Тар жол, тайғақ кешудің" тағдыры : монография / Т. Тұрсынбек. Кәкішұлы. - Алматы : Санат, 1997. - 224 б.
62.	Көлбаев, Т. С. Әбдірахман Әйтиев - ерлік пен қасіретке толы өмір : монография / репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін "Арыс" қоры. - Алматы : Арыс, 2006. - 322, [2] б.
